

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың мұнай шикізатына қатысты Бірыңғай кедендік тарифіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 82 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың мұнай шикізатына қатысты Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімінің қосымшасы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позициялар алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8-ескертуінің екінші абзацы ", Шығыс-Мессояха мұнай-газ конденсаты кен орны" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

К. Минасян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
	– – құрамында кем дегенде 1,98 салм.%, бірақ 2,34 салм.% артық	

2709 00 900 1	болмайтын күкірті бар және 906 кг /м ³ кем емес, бірақ 967 кг/м ³ артық емес 20 ^o C жағдайындағы тығыздықтағы шикі мұнай ⁸⁾	—
2709 00 900 9	— — өзгелері	—

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
+ 2709 00 900 1	— — құрамында кем дегенде 0,015 салм.%, бірақ 3,47 салм.% артық болмайтын күкірті бар және 887,6 кг/м ³ артық, бірақ 994 кг/м ³ артық емес 20 ^o C жағдайындағы тығыздықтағы шикі мұнай ⁸⁾	—
+ 2709 00 900 9	— — өзгелері	—

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнының пайызымен не еуромен, не АҚШ долларымен)
+ 2709 00 900 1	— — құрамында кем дегенде 0,015 салм.%, бірақ 3,47 салм.% артық болмайтын күкірті бар және 887,6 кг/м ³ артық, бірақ 994 кг/м ³ артық емес 20 ^o C жағдайындағы тығыздықтағы шикі мұнай ⁸⁾	0
+ 2709 00 900 9	— — өзгелері	0